

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Ақиқат



2 • 2005

Әбдіжәлел БӘКІР

Парламент және еліміздегі тіл мәселесі

КЕШЕГІ кенестік кезеңде коммунистік идеология мен социалистік интернационализм шексіз салтанат құрып тұрғанда, ана тіліміздің болашағы, қоғамымызда қалыптасқан тілдік қатынас туралы шынайы ой қозғау мүмкін болмады. Қаншама ұлтжанды азаматтардың шындықты ашық айтамын деп ұлтшылдар қатарын түзегенін жақсы білеміз. Республикадағы байырғы тұрғын халықтың тілі жөніндегі солақай кенестік саясат өз деңгейіне жетіп жығылып еді. Қазақ тілі өз жерінде, өз елінде теперіш көріп, тіпті “қараша үйлердің” де төріне шыға алмай, жабығынан сығалауға мәжбүр болған-ды. Мемлекеттік іс-қағаздары түгелге дерлік орыс тіліне көшті. Қазақ мектептерінің бірсыпырасы жабылып, көбісі, аралас мектептерге айналды. Ұлттық мектептерге тиісті көңіл бөлінбеді. Қазақ тілді кадрларға ықылас азайды. Соның зардаптарын бүгінгі күні қатты тартып отырмыз.

Өткен ғасырдың 80-жылдарындағы қайта құру идеясы ойтүрткі салған республикамыздың зиялы қауымы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы мәселе көтерді. Бұл Республиканың жер-жерінде қолдау тапты. 1989 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі “Тіл туралы” Заң қабылдап, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бұл біздің рухани өмірімізде ерекше бір оқиға еді.

Қайта құрудың аяғы Кеңес елінің күйреуіне алып келгені мәлім. Бұл ұлттық республикалардың өз алдына отау тігіп, тәуелсіздік туын көтеруін тездетті. Жаңа заманның бет-пердесін ашқан еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі туралы Декларация мен конституциялық заңда қазақ халқының және Қазақ-



Әбдіжәлел БӘКІР — философия ғылымының кандидаты, “Ел сенімі”, “Ана тілім — абыройым менің”, “Депутат әлемі” кітаптарының, “Қазақстан Республикасы кәсіби парламентінің қалыптасуы” атты монографияның авторы

станда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, олардың ұлттық қадыр-қасиетін нығайту мемлекеттігіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығы атап көрсетілді. Сөйтіп, республикадағы тілдік қатынастарға жанаша саясат, жаңа көзқарас дүниеге келді. Ол елімізде жүзеге асырылмақ реформалардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Оның мазмұнын Қазақстан халықтарының бірлігі, елімізді мекен еткен барлық этностардың қоғамдық келісімі мен өзара түсінігін арттыра беру мәселесі құрады. Бұл — жаңа мемлекетіміздің саясаты болатын. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұстанып отырған сара бағытымыз да осы. Өйткені, Қазақстан Республикасы — 130 ұлт пен ұлысты біріктіріп отырған көп этносты мемлекет.

1995 жылы қабылданған Конституция республикадағы тілдік қатынастардың принципті қағидаларын қарастырды. Біріншіден, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл — қазақ тілі, ал мемлекеттік ұйымдарда орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Екіншіден, мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Бұл конституциялық қағидалар 1997 жылы тұңғыш кәсіби Парламент қабылдаған “Тіл туралы” Заңда онан әрі дамытылып, бүгінгі қоғамымызда қалыптасып отырған тілдік ахуал, оның даму перспективасының заңдық негіздері қаланды.

Тіл заңын орындау мақсатында бірнеше маңызды құжаттар қабылданды. Солардың бірі — Елбасының Жарлығымен бекітілген 2001-2010 жылдарға арналған “Тілдерді қолдану мен дамытудың” мемлекеттік бағдарламасы. Мұнда еліміздегі тіл мәселесінің 10 жылдық міндеттері, басым бағыттары және оларды жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленді. Сонан соңғылар — республика Үкіметінің 1998 жылғы 14-тамызда қабылдаған “Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы” қаулысы мен 1999 жылғы 8-қаңтарда бекітілген

тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы Ереже.

Бұл құжаттардың қабылдануы тіл саясатын іске асыруда құқықтық негізді кеңейтіп, жұмысқа жаңа өріс ашты. Ең бастысы, ана тілімізді пайдаланудың аясы кеңейіп, оның ресми құжаттық рәсімдерді атқарудағы рөлі жетілдіріле түсті. Мемлекеттік ұйымдар мен өзін-өзі басқару органдарында елеулі тірліктердің жүзеге асуына мүмкіндік туғызды. Республиканың төрт облысында іс қағаздары қазақ тіліне көшті.

Соңғы кезде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы оқу орындарында кеңейе түсті. Бұл қуанарлық жәй. Тәуелсіздік алған жылдары Республикада 727 қазақ мектебі ашылды. Егер 1990 жылы қазақ тілінде оқитын балалар саны — 900 мың болса, 2003 жылы бұл көрсеткіш 1 миллион 660 мыңға өсті (1). Кеше ғана бұрынғы және бүгінгі астаналарымызда қазақ тілінде бір-бірден ғана мектептер болса, бүгін Алматыдағы 174 мектептің 33-і, Астанадағы 51 мектептің 12-і — қазақ мектептері. Осыдан 10 жыл бұрын қазақ мектептері барлық мектептердің 38 пайызын құраса, қазір бұл көрсеткіш 48 пайыз болып отыр. Республикадағы жалпы білім беретін 7989 мектептің 3632-сі — қазақ тілінде оқытатын мектептер. Сөйтіп, мектептегі қазақ баласының өз ана тілінде оқитындары 60-тан 80 пайызға көтерілді (2). Қазақ тіліне деген көзқарастың Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері арасында оңала бастауы да оң құбылыс. Бүгінгі күні 20 мыңға жақын өзге ұлт өкілдері қазақ мектептерінде оқуда.

Ата заңымыздың 7-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қолданылатын орыс тілінің мәселелері “Тіл туралы” Заңның 27 бабының 12-сінде қарастырылды. Бұл заңдық нормалар жайдан-жай қабылданған жоқ-ты. Орыс тілі бүгін де қоғамымызда маңызды рөл атқарып отыр. 2002 жылдың басында республика халқының 55,8 пайызын құраған қазақтан кейінгі орында — орыс халқы. Ол — 28,3 пайыз (3). Бүгін республикада 2403

орыс мектебі бар. 43 пайыз мектеп оқушылары, арнаулы және жоғарғы оқу орнында оқитындардың 60 пайыздан астамы білімді орыс тілінде алуда. Барлық электронды ақпарат құралдары өз хабарларын қазақ және орыс тілдерінде таратады. Мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарында іс қағаздары екі тілде жүреді.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деген конституциялық қағидаға сәйкес Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің өз ана тілдерін оқып-білуіне жан-жақты көмек көрсетілуде. Азшылық құрамдағы этностардың топтасқан жерлерінде ұлттық мектептер ашылған. Мысалы, Астана қаласында украин, оңтүстік және солтүстік Қазақстанда өзбек және поляк мектептері бар. Қазір еліміздегі 178 жексенбілік мектептерде 23 ұлттың тілі оқытылуда. Ұлттық тілді дамытуда ұлттық-мәдени орталықтардың да маңызы елеулі. Ондай орталықтар өзінің филиалдарымен 450-ге жетті.

Қазіргі таңда Қазақстан халықтарының 14 тілінде 218 газет және журнал шығады. Республикалық “Хабар”, “Қазақстан-1” телеарналарында әртүрлі ұлттық тілде Қазақстанда тұратын халықтардың тарихы, мәдениеті, өнері мен әдет-ғұрпынан хабарлар тұрақты орын алды. Қазақ радиосының “Евразия” халықаралық арнасында орыс, неміс, ұйғыр, көріс, татар, өзірбайжан тілдерінде бағдарлама жұмыс істейді. Сенбі және жексенбі күндері “Қазақстан халықтарының өні мен музыкасы” айдарымен ұлттық тілдерде концерттер берілуде. Украин, поляк, ағылшын, неміс, көріс, ұйғыр, түрік, дұнған, өзбек, татар және басқа тілдерде 7 радиостанция хабар таратады. Төрт ұлттық газет – “Дойче альгемайне цайтунг”, “Коре ильбо”, “Украински новини”, “Ұйғур авазы” мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

ТМД елдерінің ішінде жалғыз біздің республикада көріс, ұйғыр және неміс театрлары мемлекеттің қамқорлығымен жұмыс істеуде. Сондай-ақ, жыл сайын этникалық азшылықты құрайтын ха-

лықтар тілінде мемлекеттік тапсырыспен 80 мың даналық тиражбен 30-дай кітап баспадан шығатынын айта кеткен артық болмас. Бұл мәдени іс-шаралардың барлығы да еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға, олардың рухани сұранысын қамтамасыз етуге бағытталуда.

Бүгінгі республикамыздағы осындай ұлттық саясаттың байыптылығын айта отырып, тілдік қатынастарда әлі де күрделі мәселелер, жетілдіре түсетін жәйттер жоқ емес. Бұл, әсіресе, ана тіліміздің қазіргі жайына байланысты. Осыдан 15 жыл бұрын мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілі өз биігіне жете алмай отыр. Ана тіліміз өзіне тікелей қамқорлық жасайтын мемлекеттік билік органдарында мүсәпір халде. Бұл туралы 2000 жылы өткен “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңның орындау барысын қараған парламенттік тындауда жан-жақты әңгіме болды. Оның материалдары “Ана тілін ардақтайық, өзге тілді өгейсітпейік” деген атпен арнайы кітапша болып шықты. Тілдерді дамыту, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсуге бағытталған ұйымдық, құқықтық және қаржылық бағытта көптеген мәселелер ортаға салынды. Сонымен қатар, тындауда Заңымыздың бірсыпыра маңызды баптарының толық жұмыс істемей отырғандығы туралы да жеткілікті айтылды. Алайда, содан бері өзгеріс шамалы, атқарылған жұмыс қанағаттандыра қоймайды.

Өздеріңізге белгілі “Тіл туралы” Заңның 4-бабында “Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі”, – деп жазылған. Бірақ осы қағиданы ойдағыдай жүзеге асыруда мемлекеттік органдарда нақты әрекет тіпті жеткіліксіз. Кәсіби Парламент дүниеге келгелі 8 жылдан астам уақытта Үкімет мыңнан астам заң жобаларының бірде-біреуін мемлекеттік тілде ұсына алмады. Мұның себебін Үкіметтің “Мемлекеттік органдарда мемлекеттік

тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы” қаулысында іс қағаздарын жүргізу және ресми құжаттар өзiрлеуге қатысты құрылымдар мамандарының мемлекеттік тілді білуі мен оны мемлекет қаржысының есебінен оқып-үйренуі кәсіби біліктілік талаптарына қатарына жатқызылсын деген жайдың ұмыт болумен де түсіндіруге болады.

Шынтуайтына келгенде, біздің қазақ тіліміз мемлекеттік органдарда дағдарыс күйінен шыға алмай отыр десек артық бола қоймас. Егер республиканың мемлекеттік органдары мен ұйымдарында заң, ресми құжаттар және барлық қаулы-қарарлар мемлекеттік жауапты адамдардың өздері ойланып-толғанып, тікелей араласуымен жазылмай, тек орыс тілінде дайындалып, сонан соң аудармашылар күшімен ғана қазақ тіліне аударылып, сөйтіп, қазақ тілі аударма тіліне айналған жағдайда осылай демеске лажымыз жоқ. Президент әкімшілігі де, Үкімет те, министрліктерді тіпті әңгіме етудің қажеті жоқ, аз ғана аудармашылармен күнелтіп отыр. Бұл мәселелер аз айтылып жүрген жоқ. Тілге тиек етілер мәселе — қазақ тілді маманның кемшіндігі. Бәлкім, мұның астарында шындық та бар шығар. Алайда, ең қиыны — мұндай жағдайды өзгертуге талпыныстың жоқтығы. Мемлекеттік басқару құрылымындағы басшылар өздері қазақ тілін білмегеннен кейін ол тілде жазатындарды жолатқысы келмейді. Себебі, қарамағындағы маман жазған дүниені өзі оқып, өзі түзетуі керек қой.

Міне, осындай мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы мемлекеттік тіл басындағы қиыншылықтан қалай шығуымыз керек? Алдымен, бүгінгі күн үшін заңдық һәм рухани мүмкіндігі аз емес “Тіл туралы” Заңның орындалуына бақылауды күшейту керек. Бір ғана мысал. “Тіл туралы” Заңның 23-бабында көзделген мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді деген қағида жеті жылдан бері орындалмай келеді. Осы жұмыс

тапсырылған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бес-алты жылдан бері ойлану үстінде. Ал Үкімет әрекетсіз отыр. Соның салдарынан мемлекеттік қызметке алу туралы конкурста мемлекеттік тілді білу талабы тіпті қаракөздерімізге қойылып жүрген жоқ. Сондықтан “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңның мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттерін ашып көрсететін 9-бабына және мемлекеттік қызметке кіру кезінде қойылатын талаптарды айқындайтын 13-бабына “мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде білуі міндетті” деген талапты енгізудің жолдарын қарастырған жөн.

Реті келгенде тағы бір маңызды мәселеге тоқтай кетсек: мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма күнделікті өмірде бұрмалануда. Бүгінгі күні мемлекеттік емес ұйымдар мен мекемелерді былай қойғанда дүкендердің өзінде екі тілде жазу дағдыға айналды. Сонымен қатар кез келген мемлекеттік органдарда ресми өтетін үлкенді-кішілі жиындарда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі еске алынбайды. Орыс тілінде сөйленген сөз қазақ тіліне аударылмайды. Осының салдарынан қазақ азаматы өз тілінде ақпарат алу құқығынан айырылып отыр. Бұл конституциялық норманы тікелей бұзу.

“Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңның білім беру саласында орындалуы жетімсіз екенін айтқан жөн. Бұл, көбінесе, мемлекеттік тілге қатысты. Республикамыздағы 1663 балабақшаның 300-інде ғана балаларымыз қазақ тілінде тәрбиеленеді. Ал мектеп жасындағы қазақ балаларының 22 пайызы орыс мектептерінде оқуда. Бұған себеп көп-ақ. Кешегі онтайландыру саясаты кезінде ең бірінші қазақ балабақшалары жабылып, арзан бағамен қалталылар мен күштілерге сатылып кетті. Сондай-ақ қазақ мектептері де жетіспейді. Бұл түркі тілдес қандастарымыздың да өз балаларын қазақ мектебіне берулеріне үлкен кедергі келтіріп отыр. Балалары-

мыздың өз тіліндегі мектептерге бара алмай жатуының басқа себептерін қазақ мектептерінің материалдық-техникалық базасының кедейлігінен, оларды дайындығы мол кадрлармен жеткілікті қамтамасыз ете алмай отырғандықтан да іздеген жөн болар. Сонан соң да республикамыздағы аралас мектептер саны азаймай отыр, ол орта білім ұяларының 25 пайыздайын құрайды. Артық айтсам кешірсіздер, Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Петропавл, Орал сияқты қалалардағы мұндай мектептерді орыс мектептері дегім келеді де тұрады. Аралас мектептерде бар іс-шаралар орыс тілінде жүргізіледі. Көптеген облыс орталықтарындағы тиісті ана тілдік ортаның жоқтығынан қазақ мектебінде оқыған қаракөз балаларымыздың өзі сабақтан қолы босаса орыс тілінде сөйлейді. Бұған осыдан бірер жыл бұрын Астана қаласындағы мектептерде болғанда көзіміз жетті. Аралас мектептердегі қазақ кластарындағы балаларымызда ана тілдік қуат аз. Мұның өзі олардың ұлттық ойлау жүйесін бұзады, өз тіліне деген намыстылығын жояды. Бұл — аса қауіпті. Осындай жағдай аралас және орыс мектептерін бітірген балаларымыздың түгел дерлік бастарында бар. Қазақ тілді ортаның қазіргі быт-шытынын шығуы осыған әкелді. Көше солай, отбасы соған мәжбүр етуде. Бір қиыны — Астана, Алматы сияқты қалаларымызда аралас мектептер саны азаймай отыр. Сөйтіп үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар республикада мемлекеттік тілді барынша дамытуға міндетті деген Заңымыздың негізгі қағидаларының бірі қалтарыста қалуда. Орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарында мәселе бұдан да күрделі. Бұл салада мемлекеттік тілдің жағдайын қадағалап отырған пенде жоқ. Әйтпесе “Жас Алаш” газетінде жазылған Қазақ мемлекеттік құрылыс-сәулет академиясындағы қазақ топтарын жауып, оларды орыс топтарына қосуға күштар қаракөз ректорлар болар ма еді? Мұндай жағдай республикадағы басқа да жоғары оқу орындарында бар.

Мемлекеттік тіліміз Республика ақпарат кеңістігінде де өзіне лайықты орынға ие бола алмай отыр. Елімізде сөз бостандығына конституциялық кепілдіктің берілуі, цензураның жойылуы ақпарат тасқынына жол ашты. Бұл тәуелсіздіктің төл нәтижесі екеніне дау жоқ. Алайда, бүгін еліміздегі 2120 бұқаралық ақпарат құралының 20 пайызы ғана қазақ тілінде. Осының үстіне Республикамызда тарайтын 2392 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары ана тіліміздің үнін тіптен әлсіретіп отыр.

Бұрынғы Ақпарат министрлігі басымылығының заңдылықты қатаң сақтауға бағытталған тиімді әрекетінің арқасында кешегі қазақ тілінің 10-15 пайыздық үлесі бүгінгі электронды ақпарат құралдарының басым көпшілігінде 50 пайызға дейін көтерілді. Дегенмен “Тіл туралы” Заңның 18-бабындағы “Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында телерадио арналардың меншік нысанына қарамастан, олар арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс” деген тілдік норманы әлі біраз электронды бұқаралық ақпарат құралдары қатаң сақтай алмай отыр. Әсіресе, қазақ тіліндегі хабарлар концерттерді түнгі сағат 24-тен таңғы 6-7-лерге дейін көрсететін “Рахат”, 31-ші, КТК сияқты телеарналар туралы не айтуға болады? Бұл қазақ тілінің беделін түсіру ғана емес, қазақ ұлтын келеке ету болып табылады. Сол себепті “Бұқаралық ақпарат құралы туралы” Заңға “мемлекеттік тілдегі хабарларды хабар таратудың тәуелсіздік кестесінде орналастыру олардың эфирге шығуының барлық кезеңі аралығында біркелкі іске асырылуы тиіс” деген заңдық норма керек.

Кейбір азаматтардың қазақ тіліндегі хабарлар телехабарларымыздың рейтингін түсіреді деген сылтауларын да естігенбіз. Қазір олар басқаша сайрап жүр. Кінә қазақ тілінде емес, хабарды ұйымдастырушыларда. Кеше ғана Сағат Әшімбаев, Шерхан Мұртаза басқарған

кезде қазақтың теледидары мен радиосы кімнен кем болды? Қазақ радиосы хабарларының көлемі тәулігіне 50 сағатқа жетіп, дүниежүзілік эфирге шыққан жоқ па едік? Соңғы кезде “Хабар”, “Қазақстан”, басқа да телеарналарда қазақ тілді хабарлардың көбейе түскені және олардың мазмұн жағынан басқадан кем емес екендігіне неге көз жұмамыз? Бұдан осы арналардың рейтингілік деңгейі жоғарыламаса, төмендей қойған жоқ. Ал Қазақ радиосының тарихи-нанымдық тақырыптардағы материалдары ше? Енді ана тілімізге керсек, ол өзінің оралымдылығы мен образдылығы, терендігі мен мазмұндылығы, дәлдігі мен нақтылығы, көркемдігі мен әсемдігі жағынан дүниежүзінің ешбір тілінен кем түсе қоймайтынын бізден бұрынғылар талай айтқан, тамсана жазған!

Республикамыздағы бүгінгі қалыптасқан тілдік қатынастарды айта отырып, мемлекеттік жүйенің барлық салаларында ана тіліміздің белсенді қолданылуы үшін басым жағдай жасау, мемлекеттік тілді қолдау және қорғау бағытында заңдық — ұйымдық тетіктерді ойластыра түскен жөн болар еді дегіміз келеді. Осыдан жеті жыл бұрын қабылданған “Тіл туралы” Заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар жасау қажет. Сонан соң елімізде — мемлекеттік тіл саясатын пәрменді жүргізу үшін, тілдік қатынастарды зерттеп, талдап отыру үшін Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту департаментін осы министрлік жанындағы комитет етіп қайта құрып, оның мәртебесін көтеріп, жұмыс ауқымын кеңейткен дұрыс. Бүгінгі қазақ тілінің мемлекеттік органдардағы дағдарыс жағдайы осыған итермелейді. Бұл, бәлкім, уақытша шара да болуы мүмкін.

Сондай-ақ, тілді дамытуға бөлінетін бюджеттік қаржыны да көбейте түсу керек. Кешегі қазақ тілімізге мемлекеттік мәртебе алу үшін ерекше күрескен, осы кезге дейін сан-салалы жұмыс атқарып, мол тәжірибе жинақтаған бүгінгі Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамын сақтап қалу үшін оған мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетудің жолдарын іздестірген жөн. Бұл қоғам ана тіліміздің тағдыры үшін әлі де талай қызмет атқара алар еді.

Аталарымыз айтқандай, “батпандап кірген ауру мысқалдап шығады”. Рухани дүниенің дамуына, пісіп жетілуіне тиісті мерзім керек. Тәуелсіздігімізге он үш жыл толып, он төрт жылға аяқ басты. Конституциялық қағида, заңдық кесімдер жеткілікті, неге қазақ тілі толыққанды мемлекеттік мәртебеге ие бола калмады деп асығу да артық. Асығып, қателікке ұрынбауымыз да, өзі болады ғой деп жайбарақаттыққа салынбауымыз да қажет. Аз да болса, парасатты тіршілік, тұрақты ілгері жылжу әлдеқайда пайдалы. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеріп, ілгері дамыту үшін қазақ баласына, бөрімізге ұлттық сана, намыс, азаматтық биік тұғыр керек екендігі түсінікті.

Тіл адам қатынасының аса бір нәзік саласы болғанынан кейін бұл мәселеде асықпай тынымсыз алға жылжу, бүлдірмей берекелі ету, үзіп алмай жалғастыра түсу, еш тілді аласартпай биік ұстау, ешқайсысын кем көрмей тең көру сияқты парасатты принциптердің бекем ұсталуы қажет-ақ. Өмір, уақыт талабынан туындаған тілдік қатынастың жаңа көріністерін тап баса білу, оны жүзеге асырудың заңдық механизмдерін жетілдіре түсу — алда да аса маңызды міндет. Бұл бағытта Парламент қосар үлес алда да мол болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Жабелова Т.** *Қазақстанның оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік тіл саясаты.* // Адам әлемі. №1 (19), 2004. — 82 бет.
2. *Қазақ мектебінің мұқтажы.* // Ана тілі, 5 қаңтар, 2002.
3. *Қазақстан — цифрларда 2002,* - Алматы, 2002. —23 бет.